

Теміртау қаласының аумағында арнайы бөлінген көшпелі сауда орындарын және (немесе) маршруттарын айқындау туралы

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 18 ақпандағы № 7/7 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 20 ақпанда № 6717-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Теміртау қаласының аумағында арнайы бөлінген көшпелі сауда орындары және (немесе) маршруттары айқындалсын.

2. Теміртау қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 16/2 "Теміртау қаласында көшпелі сауданы ұйымдастыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4734 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Теміртау қаласының әкімі

Г. Ашимов

Теміртау қаласы әкімдігінің

2025 жылғы 18 ақпандағы

№ 7/7

қаулысына қосымша

Теміртау қаласының аумағында арнайы бөлінген көшпелі сауда орындары және (немесе) маршруттары

№	Нақты орналасқан жері	Атқаратын алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Қызмет саласы	Жақын маңдағы инфрақұрылым (тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру объектілері)
1	Қалалық жағажай аймағында	18	3	Азық-түлік тауарлары	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ

2	Восточная көшесі, № 1 үйге қарама-қарсы	90	3	Азық-түлік емес тауарлары (көмір, ағаш отын)	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
3	"Qarmet" Акционерлік Қоғамының зауыт басқармасына қарама-қарсы аялдама павильоны	12	3	Азық-түлік тауарлары (сүт өнімдері)	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
4	Ақтау кенті, Школьная көшесі мен Р-37 Бастау - Ақтау - Теміртау автожолының қиылысы	105	3	Азық-түлік емес тауарлары (көмір, ағаш отын)	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
5	Алматы-Екатеринбург трассасы, "Смак" жол бойындағы сервис объектісі ауданында	90	3	Саяжай өнімдерін сату	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
6	"Жаңаауыл" станциясының теміржол вокзалы ауданында	20	3	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
7	"Мырза" станциясының теміржол вокзалы ауданында	20	3	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
8	"Металлург" тұтынушылар кооперативі саяжай қоғамдастығының ауданында	20	3	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
9	"Алма" тұтыну кооперативі саяжай қоғамдастығының ауданында	20	3	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	Тауарлардың ұқсас ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ
10	"Садоводческое общество "Металлист" тұтынушылар кооперативі	20	3		Тауарлардың ұқсас ассортименті

	с а я ж а й қоғамдастығын ың ауданында			Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	сатылатын сауда объектілері жоқ
11	"Уралочка" т ұ т ы н у кооперативі с а я ж а й қоғамдастығын ың ауданында	20	3	Азық-түлік, азық-түлік емес тауарлары	Тауарлардың ұ қ с а с ассортименті сатылатын сауда объектілері жоқ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК